

## 2018 жылғы егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 24 сәуірдегі № 98 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 28 сәуірде № 5186 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 30 мамырдағы № 128 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 30.05.2019 № 128 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2004 жылғы 10 наурыздағы "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Заңдарына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша табиғи-климаттық аймақтар бөлігіндегі аудан аумағында 2018 жылғы егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Тасқала ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 4 мамырдағы № 102 "2017 жылғы егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4802 тіркелген, 2017 жылғы 30 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Тасқала ауданы әкімі аппаратының басшысы (М.Мырзаш) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Баяндықовке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*С.Әлиев*

Тасқала ауданы әкімдігінің  
2018 жылғы 24 сәуірдегі

**Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша табиғи-климаттық аймақтар бөлігіндегі аудан аумағында 2018 жылғы егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері**

№	Дақылдардың түрлері	Оңтайлы егу мерзімдері	
		басталуы	аяқталуы
Құрғақ далалық аймақ			
1	Жаздық бидай	1 мамыр	10 маусым
2	Жаздық арпа	1 мамыр	1 маусым
3	Тары	10 мамыр	10 маусым
4	Күнбағыс	10 мамыр	10 маусым
5	Күздік бидай	15 тамыз	10 қыркүйек